

Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 15/147 "Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 17/170 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 сәуірде № 6588-09 болып тіркелді

Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 15/147 "Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6539-09 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қазанның екінші жексенбісі - Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні;"

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Наурыз мейрамы – 21-23 наурыз:

адамның иммун тапшылығы вирусы бар адамдарға – 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;"

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) Қарттар күні - 1 қазан:

75 жасқа толған және одан асқан зейнеткерлерге – 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;"

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қазанның екінші жексенбісі - Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні:

1, 2, 3 топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;
18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедек балаларға – 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;"

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) Республика күні - 25 қазан:

Абай ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, білім беру бөлімінің тізімдеріне сәйкес әрбір балаға ата - ана жарналарына арналған шығындарды өтеуге атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларды қоспағанда-10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

9-тармақтың 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне бір мезгілде 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде залал келтіру. 6 (алты) ай ішінде әлеуметтік көмекке жүгіну кезеңі;"

9-тармақтың 4) тармақшасының төртінші абзацы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"онкологиялық ауру, операциядан кейінгі кезеңде адамдарға бір мезгілде - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде. 1 (бір) жыл ішінде әлеуметтік көмекке жүгіну кезеңі;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 наурыздағы бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Абай аудандық мәслихатының төрағасы

Д. Сакенов